



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
2019 жылғы «28» маусым  
№ 107-890 қаулысына  
15 -қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Техникалық шығармашылық орталығы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының  
Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Техникалық шығармашылық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын болып табылады.

2. Кәсіпорын түрі: мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын.

3. Кәсіпорын «Астана қаласы Білім департаментінің «Техникалық шығармашылық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын құру туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 3 ақпандағы № 3-1-63к қаулысының негізінде құрылған.

4. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік) Кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.

Кәсіпорын мүлкіне қатысты коммуналдық меншік субъектісінің құқығын әкімдік жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) болып табылады.

6. Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

7. Кәсіпорынның толық атауы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Техникалық шығармашылық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Кәсіпорынның қысқаша атауы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Техникалық шығармашылық орталығы» МКҚК.

8. Кәсіпорынның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Сарыадыр қысқа көшесі, 3.

## 2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

9. Кәсіпорын мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен құрылған деп саналады және заңды тұлға құқығын алады.

10. Кәсіпорынның дербес теңгерімі, Қазақстан Республикасының банктерінде заңнамаға сәйкес шоттары, бланктері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы бар мөрі, белгіленген үлгідегі маңдайша жазуы бар.

11. Кәсіпорын мүліктік және мүліктік емес құқықты және міндеттерді алады, сотта талап қуынушы және жауапкер бола алады.

12. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

13. Кәсіпорын жасаған азаматтық-құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге тіркеулерге жататын мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзге жағдайлар қарастырылмаса, тіркеуден өткен сәттен жасалған деп саналады.

## 3. Кәсіпорынның қызметінің мәні, мақсаты, міндеттері, және түрлері

14. Кәсіпорын қызметінің мәні: ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, білім саласындағы ғылым мен практика жетістіктері негізінде баланың жеке басын қалыптастыру, тәрбиелеу.

15. Кәсіпорынның мақсаты әр баланың және жеке басының дамуына, олардың дене бітімінің дамуына және психологиялық әл-ауқатын нығайтуға, балалар мен олардың ата-аналарының сұранымдарын ескере отырып, қабілеттерін іске асыруға, қоғам өміріне бейімдеу, азаматтық сана-сезімін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға оңтайлы жағдай жасау болып табылады.

16. Кәсіпорын негізгі міндеттерді жүзеге асыру үшін құқылы:

1) жұмысқа уәкілетті органның Сараптау кеңесі бекіткен қосымша, бейімдік, авторлық бағдарламаларды пайдалануға;

2) балаларды тәрбиелеу мен оқытудың нысандарын әдіс-тәсілдерін таңдауға;

3) қайырымдылық, ерікті жарналар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың, балалар ата-аналарының мақсатты жарналары есебінен қосымша қаржы көздерін тартуға.

17. Белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес Кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) балалардың жеке басының дамуына, денсаулығын нығайтуға, кәсіптік бағдарын айқындауға, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыруына қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;

- 2) оларды қоғамдық өмірге бейімдеу;
  - 3) олардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру;
  - 4) өскелең ұрпақтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру;
  - 5) Қазақстан халықтарының мәдениетін, салт-дәстүрлерін зерделеу үшін жағдай жасау;
  - 6) оқушылардың ғылымға, техника мен өндіріске, танымдық іздестіру шараларына, өнертапқыштыққа, рационализаторлыққа деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын тәрбиелеу;
  - 7) білім негіздері бойынша білімін тереңдету, олардың техникалық шығармашылық ойлауы мен қабілетін, еңбек тәрбиесі мен кәсіптік бағдарын қалыптастыру және дамыту;
  - 8) мектептерге, басқа мектептен тыс ұйымдарға балалардың техникалық шығармашылығын дамытуға, ғылым мен техника жетістігін насихаттауға практикалық көмек көрсету болып табылады.
  - 9) бейіндік бағыттағы техникалық үйірмелерге баратын тұрмысы төмен, көп балалы, толық емес отбасыларының, тәрбиесі қиын балалар мен жасөспірімдерге әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек беруді ұйымдастыру;
  - 10) баланың толық дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара байланыс жасау;
  - 11) сабақтан тыс уақытта балалардың жұмыспен қамтылуын іске асыру болып табылады.
  - 12) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіпте ақылы қызмет көрсету.
- Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.
18. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжатымен белгілі бір деңгейде шектелген қызмет мақсаттарына қайшы келетін не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып мәміле жасасуы уәкілетті органның немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.
19. Кәсіпорын басшысының Кәсіпорын жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруына бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.
20. Кәсіпорынның Білім беру мен тәрбиелеу жүйесі діни және діни бірлестіктерден ада, зайырлы сипатта.

#### 4. Кәсіпорынның тәрбие-білім беру үрдісін ұйымдастыру

21. Кәсіпорында оқыту және тәрбие беру мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

22. Білім беру үдерісі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

23. Тәрбие-білім беру үдерісінің негізгі қатысушылары оқушылар, ата-аналар немесе олардың заңды өкілдері және Кәсіпорын қызметкерлері болып табылады.

24. Білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын бірлестіктерде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізі бір тақырыптық бағыттағы сабақтар немесе кешенді, кіріктірілген бағдарламалар болып табылады.

Бағдарламалар талаптарына байланысты сабақтар оқу жылы бойында да, қысқа мерзімде де ұйымдастырылады.

25. Жастары қатар және әртүрлі жастағы балалар Кәсіпорында ынта-ықыластары бойынша студияға, топқа, үйірмеге, ғылыми ұйымға(бұдан әрі – топтар) біріктіріледі. Топтардың құрылуы балалардың өз таңдауларына негізделеді. Әр оқушының бірнеше бірлестіктерде айналысуға жыл ішінде ауысуға құқығы бар.

26. Кәсіпорын балалармен жұмысты жыл бойы қамтамасыз етеді. Оқу жылы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде басталады және келесі жылдың 25 мамырында аяқталады. Қыркүйектің 1-нен 14-не дейін топтарды іріктейді, сабақ 15 қыркүйектен басталады. Жазғы кезеңде үйірмелер арнайы кесте бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тұрақты немесе ауыспалы құрамымен жұмыс істейді.

27. Сабақтар бағдарламаға сәйкес топпен, жеке немесе бірлестіктің толық құрамымен жүргізіледі. Бірінші оқу жылында әрбір топтағы оқушылар саны 15-тен, екінші келесі жылдары -12-ден, сынақ және зерттеу топтарында-8-ден кем болмау тиіс.

28. Мүгедек балалармен тұрғылықты жері бойынша жеке жұмыс жүргізіледі.

29. Кәсіпорын жазғы мерзімде өз базасында лагерлер мен туристік базалар, лагерлерде, сондай-ақ балалардың тұрғылықты жерлерінде балалардың тұрақты және немесе ауыспалы топтарымен әртүрлі бірлестіктер құра алады. Үйірме жұмысы концерттер, жорықтар мен саяхаттар, жарыстар және басқа да түрде өткізеді.

30. Кәсіпорын көпшілік шараларды ұйымдастырады және өткізеді балалар мен жасөспірімдердің бірлескен еңбегі мен демалысы үшін қажетті жағдай жасайды.

31. Кәсіпорын жеке дара, келісім-шарт бойынша және (немесе) басқа ұйымдармен бірлесіп, осы қызмет түріне лицензиясы болған жағдайда, балалармен алғашқы кәсіптік дайындықты жүргізе алады.

32. Материалдық- техникалық және кадрлар әлеуеті болған жағдайда барлық үлгідегі білім беру ұйымдарындағы оқушы жастардың өндірістік тәжірибесін жүзеге асыра алады.

#### 5. Кәсіпорынды жинақтау тәртібі

33. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Конституциясына, Мемлекеттік қызмет стандартына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ олардың негізінде әзірленген кәсіпорынның осы Жарғысына сәйкес оқуға және тәрбиелеуге қабылдауды жүзеге асырады.

34. Кәсіпорын әкімшілігі мен білім алушылардың ата-аналары арасында білім беру қызметтерін көрсетуге екі данада шарт жасасады.

35. Кәсіпорын мектепке түсуші тәрбиеленушіні осы Жарғымен және басқа да Кәсіпорынның білім беру үдерісін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстырады.

36. Білім алушыны кәсіпорыннан шығару ата-аналарының денсаулық жағдайы бойынша өтініші негізінде, ата-аналарының қалауы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Кәсіпорыннан оқушының шығарылуы жайлы шешімді Педагогикалық кеңес қабылдайды және Кәсіпорын басшысының тиісті бұйрығымен рәсімделеді, ал өзге жағдайларда оқушыны шығару туралы шешімді Кәсіпорын басшысы оқушылар ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өтініштері негізінде қабылдайды және тиісті бұйрық шығарылады.

#### 6. Кәсіпорынды басқару

37. Кәсіпорынды жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған уәкілетті орган жүзеге асырады.

38. Әкімдік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтыруар енгізеді немесе коммуналдық мүлікке иелік етуге уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға уәкілдік береді;
- 3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорын атына бекітеді;
- 4) Кәсіпорынға филиалдар мен өкілдіктер құруға келісім береді;
- 5) Кәсіпорын мүлкін пайдалану, оның ішінде кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;
- 6) осы Жарғымен жүктелген және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

39. Уәкілетті орган:

1) қызметтің басымды бағыттарын және Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын міндетті жұмыс көлемін (көрсетілетін қызмет) анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспары мен оларды орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарын бақылау мен орындалуын талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкінің есепке алынуын ұйымдастырады, тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорын басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

7) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де Заңнамасымен жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

40. Басшы Кәсіпорынды басқару органы болып табылады.

41. Кәсіпорын басшысын уәкілетті орган қызметке конкурс негізінде тағайындайды және қызметтен босатады. Оны аттестаттау Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы аттестаттау қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

42. Уәкілетті орган Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.

43. Кәсіпорын басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі мен мүлкінің сақталуына, Кәсіпорынға жүктелген тапсырмалардың орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға, таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны, сондай-ақ Кәсіпорын қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларына сәйкес келмеуіне жеке жауап береді.

44. Кәсіпорын басшысы Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық іс-қимылдардың ұйымдастырылуына дербес жауапты болады.

45. Кәсіпорын басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дара басшылық қағидаттарында іс-қимыл жасайды және Кәсіпорын қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

46. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

- 5) банктік шоттар ашады;
  - 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
  - 7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;
  - 8) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;
  - 9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін уәкілетті органға кандидатуралар ұсынады;
  - 10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;
  - 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.
47. Кәсіпорынды басқару бірізділік және алқалылық басқару принципінде құрылады. Кәсіпорынды жалпы басқаруды жүзеге асыратын Кеңес болып табылады (бұдан әрі – Кеңес).
48. Кеңес құрамына Кәсіпорын басшысы (төрағасы), оның орынбасарлары, қызметкерлері кіреді. Кеңес Кәсіпорын іс-әрекеті мен ұйымдастырудың барлық маңызды мәселелері бойынша дауыстарды санап, ашық дауыс беру арқылы шешім қабылдайды. Дауыстар саны тең болған жағдайда төраға дауысы шешуші болып табылады. Кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібін, оны сайлау тәртібін қосқанда Кәсіпорын басшысы бекітеді.
49. Кеңестің басты міндеттері-білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша ұжым күшін біріктіру, Кәсіпорын ұжымының оқу-әдістемелік жұмысын жетілдіруге бағыттау болып табылады.
50. Кеңестің құзыретіне кіреді:
- 1) оқу жоспарлары мен бағдарламаларды бекіту;
  - 2) педагогикалық қызметтің негізгі бағыттарын айқындау;
  - 3) Кәсіпорын педагогикалық құрамының біліктілігін арттыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, олардың шығармашылық бастамашылықтарын дамыту;
  - 4) озық тәжірибені тарату;
  - 5) қызметкерлерді ынталандырудың әр түріне ұсыну.
51. Кәсіпорында жыл сайын Кәсіпорын басшысының бұйрығымен қызметкерлердің кәсіптік қызметін ескере отырып, өткізілетін аттестациялық комиссия құрылады.

7. Еңбек ұжымының мүшелері, олардың міндеттері мен құқықтары  
Білім беру үрдесіне қатысушылардың міндеттері мен құқықтары

52. Еңбек ұжымының мүшелеріне Кәсіпорын негізгі жұмыс орны болып табылатын тұлғалар (басшы және оның қызметкерлері) жатады.

Тиісті кәсіптік білімі бар және біліктілік талаптарына жауап беретін кез-келген азамат Кәсіпорын қызметкері бола алады.

53. Кәсіпорында педагогтік қызметіне сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен жұмыс істеуге тыйым салынған адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар жіберілмейді.

54. Кәсіпорын басшысы мен оның қызметкерлері арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Еңбек шартының талаптары Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

55. Кәсіпорын қызметкерлері:

- 1) кәсіптік іс-әрекеті үшін жағдаймен қамтамасыз етілуге;
- 2) атқаратын лауазымы мен мамандығына сәйкес Кәсіпорын іс-әрекетіне қатысуға;
- 3) өзінің кәсіптік атақ-абыройын қорғауға;
- 4) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау кезінде ұйымдастыру және іс-әрекет әдіс-тәсілдерін еркін таңдауға;
- 5) Кәсіпорын іс-әрекетімен байланысты кез-келген мәселені еңбек ұжымының талқылауына салуға;
- 6) қызметтік өсу және біліктілік санатын жоғарылату мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;
- 7) штаттық кестеге және біліктілік санатына сәйкес кепілді еңбекақы алуға;
- 8) педагогикалық іс-әрекеттегі табыстары үшін мемлекеттік марапат, құрметті атақ, сыйақы түріндегі моралдық және материалдық ынталандыруға;
- 9) Кәсіпорын әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға;
- 10) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, сондай-ақ өзге де нормативтік-құқықтық актілермен реттелетін құқықтарға құқылы.

56. Кәсіпорын қызметкерлерінің міндеттері:

- 1) осы Жарғыны сақтауға, ішкі тәртіп ережесін, лауазымдық нұсқауларды, Кәсіпорынның қауіпсіздік техникасы ережелерін және жергілікті актілерін, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе басшының тапсырмасын орындауға;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте өз функцияларын орындалуына дербес жауап беруге;
- 3) оқушыларды салауатты өмір салты дағдыларына баули отырып, олардың өмірі мен денсаулығын қамтамасыз етуге;
- 4) есепті құжаттаманы және басқа құжаттарды жүргізуге және дер кезінде тапсыруға;
- 5) өзінің кәсіптік біліктілігі аясында оқытудың теориялық және практикалық білімдері мен дағдыларын меңгеруге;



6) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін тұрақты жетілдіруге;

7) бес жылда бір реттен кем емес тиісті санатқа аттестаттаудан өтуге, бес жылда біліктілік санатын растауға;

8) педагогикалық этика нормаларын сақтауға;

9) өз біліктіліктерін арттыруға;

10) медициналық тексеруден дер кезінде өтуге;

11) салауатты өмір салтын ұстануға және оны білім алушылар арасында насихаттауға;

12) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының атақ-абыройын құрметтеуге міндетті.

57. Білім алушылардың денесіне немесе моралдық-психологиялық залал келтірген кінәлі қызметкерлер Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте жеке жауапкершілік алады.

58. Кәсіпорын қызметкерлеріне тәрбие-білім беру үдерісінде саяси үгіт, діни насихат мақсатында және Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келетін әрекеттерге білім алушыларды елiктiруге тыйым салынады.

59. Педагогикалық этика нормалары мен міндетін бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңнамаларында және еңбек шартында қарастырылған жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

60. Кәсіпорынға білім беру процесіне қатысушылардың құқтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен, білім беру мекемелерінің тұрпатты ережелерімен анықталады.

61. Оқушылардың құқылары мен міндеттері Жарғы мен оқушылардың мінез – құлық ережелерімен регламентелінеді.

62. Кәсіпорын оқушылары мыналарға құқықты:

1) мемлекеттік білім стандартына сәйкес тегін білім беру алудан кейінгі оқу;

2) мемлекеттік мекеменің кітапхана қорын тегін пайдалануға;

3) мемлекеттік мекемені басқаруға қатысуға;

4) кісілік ар – намысын, сөз құрметтеуге, өз көзқарасын және мүлдесін еркін айта білуге;

5) ар – намысын, еркіндігін, өзінің денсаулығын қорғауға;

6) оқудағы, ғылыми және қызметтегі табыстары үшін ынталандыруға, марапаттауға.

63. Оқушыларды саяси акцияларға үгіт – насихат компанияларына зорлап қатыстыруға жол берілмейді.

64. Оқушылардың міндеттері:

1) Кәсіпорын Жарғысы және Кәсіпорынның ішкі тәртібінің ережелерін орындау;

2) оқуды адал етіп оқу, себепсіз оқу сабақтарын жібермеу;

3) Кәсіпорын мүлкін және техникалық оқу құралдарын білдірмеу, оқу жайларының жиһаздарын қажетті жағдайларда ұсақ жөндеуге қатысу, мүлікті бүлдірген жағдайда ата – анасымен бірге орнын толтыру;

4) басқа оқушылардың және Кәсіпорын қызметкерлерінің ар – намысын қадірлеу, оларға дөрекілік пен жәбірлеуге жол бермеу;

5) Кәсіпорындағы қызметкерлерінің Жарғы мен ішкі ережелері бөлігінде құзыретіндегі талаптарын орындау.

65. Кәсіпорынға тәртіп оқушылар мен педагоктардың бір – бірінің ар – намысын құрметтеуі негізінде сақталады. Оқушыларға психологиялық және физикалық жәбірлеу әдістерін қолдануға жол берілмейді.

66. Оқушылардың ата- аналары (заңды өкілдері) мен Кәсіпорын арасындағы қарым – қатынас Жарғы қағидаларымен реттеледі.

67. Ата – аналардың (заңды өкілдерінің) құқықтары:

1) балаларының заңды құқықтары мен мүлделерін қорғау;

2) ата – аналар комитеттері арқылы Кәсіпорынды басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) өз балаларының оқу жағдайлары, үлгірімі және мінез – құлқына қатысты ақпарат алуға;

4) оқушылармен жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге;

5) балаларды тәрбиелеу және оқыту проблемалары бойынша Кәсіпорынның педагог және психолог қызметкерлерінен консультация алуға.

68. Ата – аналардың (заңды өкілдерінің) міндеттері:

1) осы Жарғы мен ішкі тәртіп ережелерін өздерінің құқықтары мен міндеттеріне қатысты бөліктерінде орындау;

2) балаларының тәрбиесіне, оқуына және білім алуға қажетті жағдайлар тудыруға жауапкершілік;

3) ата - аналар жиналысына қатысу, қажет болған жағдайда әкімшіліктің немесе оқытушылардың шақыруымен Кәсіпорынға келіп оқу – тәрбие процесі бойыша жеке әңгімелесу және нақтылы педагогикалық көмек көрсету;

4) оқушылардың оқу сабақтарына қатысуын қамтамасыз ету;

5) балалардың Кәсіпорынға келтірген материалдық залаларының, заңнамамен анықталған тәртіпте, орнын толтыру.

## 8. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі

69. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## 9. Кәсіпорын мүлкі

70. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды

71. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

72. Кәсіпорын мүлкі:

1) оған құрылтайшы берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат есебінен қалыптастырылады.

73. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

74. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

75. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

76. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе құрылтайшының шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жедел басқару құқығы, оған қатысты құрылтайшы оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

77. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

78. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 79-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

79. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, әкімдік тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

80. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде әкімдік Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

81. Осы Жарғының 77-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті әкімдіктің жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

82. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

#### 10. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

83. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты (жергілікті және республикалық бюджет) есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

84. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін әкімдік белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

85. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

Кәсіпорын өндіретін және іске асыратын тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) бағасын әкімдік бекітеді.

86. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

#### 11. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

87. Кәсіпорынның жарғылық капиталы құрылтайшыдан жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

#### 12. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

88. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің ұлттық

стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

89. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

### 13. Кәсіпорынның жауапкершілігі

90. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорының қалған мүліктін алып қоюға жол берілмейді.

Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

### 14. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

91. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қоры Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген Кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық айлықақы (мөлшерлеме), еңбек жағдайларына қосымшаақы және үстемеақы, өтемақы, сыйлықақы жүйесі мен өзге де сыйақы есебінен айқындалады.

92. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

93. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қоры, еңбекақы төлеу нысандары, тариф кестесі, лауазымдық айлықақылар Кәсіпорынның штаттық кестесіне сәйкес бекітіледі.

### 15. Кәсіпорынның халықаралық ынтымақтастығы

94. Кәсіпорын халықаралық ынтымақтастықты Қазақстан Республикасының заңнамаларына және халықаралық шарттарға сәйкес іске асырады.

95. Кәсіпорын білім саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша өз жұмысының ерекшелігіне сәйкес шетел білім, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдар мен қорлармен тікелей байланыс орнатуға, ынтымақтастық туралы екі жақты және көп жақты шарттар жасасуға, білім алушылармен, педагогикалық және ғылыми қызметкерлермен халықаралық тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысуға, білім саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (ассоциациялар) кіруге құқығы бар.

### 16. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

96. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату әкімдіктің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

97. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін әкімдік қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

#### 17. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

98. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды әкімдік енгізеді.

---